

**Елді мекендерді көркейту, жасыл көшеттерді күту және қорғау бойынша ережелерді бекіту туралы**

### ***Күшін жойған***

Шортанды аудандық мәслихатының 2003 жылғы 10 қазандағы № С-1/9 шешімі. Ақмола облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 07 қарашада № 2098 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2009 жылғы 29 сәуірдегі № С-15/4 шешімімен

***Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2009 жылғы 29 сәуірдегі № С-15/4 шешімімен***

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Шортанды аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш Т і :**

1. Берілген елді мекендерді көркейту, жасыл күту және қорғау бойынша Ережелер  
бекітілсін.
2. Елді мекендерді көркейту, жасыл көшеттерді күту және қорғау бойынша Ережелердің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың» тұрақты комиссияларына жүктелсін.
3. Осы Ереже Ақмола облыстық әділет басқармасында тіркеуден өткеннен соң күшіне енеді.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының тәрағасы хатшысы*  
Келісілді:

*Аудандық мәслихат*

*аудан* *әкімі*

*ауданының бас санитарлық дәрігері*  
Шортанды аудандық мәслихатының  
2003 жылғы 10 қазандағы С-1/9  
шешімі мен  
БЕКІТІЛДІ

**Елді мекендері көркейту, жасыл қорғау көшеттердің бойынша**  
**күту және** **EREJELER**

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық жақсаруы туралы" Заңына сәйкес әзірленген.

Осы Ережелер елді мекендер аумағын көркейту, жасыл көшеттерді құту және қорғау тәртібін және осы мәселе бойынша заңды және жеке тұлғалардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктерін белгілейді.

## **1. ТАРАУ. Негізгі үғымдар мен анықтамалар**

1. Аумақты көркейту - адамның ауыл және поселке аумағындағы қолайлыш міндеттерін қамтамасыз ететін элементтер жұмыстардың кешені.

2. Бекітілген аумақ - бөлініп берілген аумаққа жататын немесе оған қызмет етуге немесе құзетілетін аймақ болып табылатын жер учаскесі.

Бекітілген аумақтар болып табылады:

1) Жол бөлігінің шетімен шектелген, көше жақтағы аумақ- жол қабаты дұрысталған көшелер үшін немесе жол бөлігінің ортасына дейін- жол қабаты жетілдірілмеген көшелер үшін;

2) Аулалар аралығындағы аумақтар;

3) Жергілікті атқарушы органдардың рұқсатымен уақытша сақталуға, қоймаға қылуға және басқа мақсаттарға пайдаланылатын аумақ;

4) Бөлінген аумақтың периметрі бойынша 25 метр қашықтықтағы аумақ.

3. Жасыл көшеттер - санитарлық-гигиеналық талаптарды, көркейту және сәулеттік-ландшафттық ресімдеу деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін елді мекеннің құрылымын жоспарлау элементі.

4. Жер жұмыстары - аумақты қазумен, құмды үюмен, қайтадан жабумен байланысты жұмыстар.

5. Жер пайдалануши - меншік түріне қарамастан (кәсіпорын, ұйым, кәсіпкерлер, жеке сектордағы үйлер иелері және шаруашылық басшылары) ауылдық жерлердегі жер учаскелерін пайдалануши заңды немесе жеке тұлға.

6. Инженерлік жүйе және құрылыштар - тұрғындар мен кәсіпорындардың мұқтаждықтарына кешендік қызмет жасауға арналған елді мекендерді инженерлік көркейтудің маңызды элементтері.

7. Шағын сәулеттік нысандар - көлемі жағынан шағын көркемдеу және қайта өндеді түріндегі нысандар.

1) Әсемдік құрылыштары - мұсіндер, фонтандар, барельефтер, гүлдерге арналған құмыраптар және т.б.;

2) Қайта өндеді түріндегі құрылыштар - күркелер, дүңгіршектер, орындықтар, қоршаулар, қоқыс жинағыштар, көшелердің, үйлердің майдайшалары, хабарларынан құрылыштар және т.б.

8. Жапқыштар (тенттер) - жол бөлігіне тасылатын сұйық жүктерді қулаудан, шашылудан сақтауға арналған арнайы құрал.

9. Қоғамдық жерлер - ортақ пайдаланылатын демалыс орындары (сапаржайлар, саяжайлар), алаңқайлар және аялдамалар.

10. Бөлініп берілген аумақ - жер пайдаланушига иеленуге немесе

пайдалануға уәкілдік органдардың шешіміне сәйкес өзіне тиісті объектілерді орналастыруға берілген жер участесі.

11. Көше - жол бөлігі, тротуарлар, жасыл көшеттер, жер асты және жер үсті инженерлік желілері орналасқан аумақ.

## 2. ТАРАУ. Жалпы ережелер

12. Меншік түріне және ұйымдастыру - құқықтық нысандарына қарамастан кәсіпорындар, шаруашылықтар, мекемелер, ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымдық тұлғалар және азаматтар көркейту ережелерін сақтауға, елді мекенниң аумағында тиісті тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге, ғимараттар мен құрылыштарды жөнделген жағдайда ұстауға міндетті.

Аумақтардың санитарлық күтілу және сыртқы көркейтілу занды және жеке тұлғаларға осы Ережелер негізінде аудан әкімінің және ауыл округтері әкімдерінің өкімдік актілерімен бекітіліп беріледі.

13. Жылдың жылы мерзімінде ауа райына байланысты бөлінген және бекітілген аумақтар жиналумен қатар суарылуы керек.

14. Меншік субъектісі көшелерді жинауды үй иеліктері аумағы шегінде жүргізді.

15. Меншік түріне қарамастан кәсіпорын, ұйымдар басшылары, жеке автокөлік жүргізушилері көшелерге көлікті тиісті санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтағанда ғана шығаруды қамтамасыз етуге міндетті.

Елді мекендер аумағына санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сай келмейтін, жол қабатының ластануына жол беретін және сыртқы механикалық ақаулары бар автокөліктер және басқа механикалық құралдардың кіруіне және жұмыс жасауына жол берілмейді. Жол қабатын ластап, сұйық және басқа да жүктөр таситын жүк автокөлік жүргізушилері осы көліктің»артқы қорабының болуын және жапқыш қуралмен жабдықталуын қамтамасыз етуге міндетті.

16. Қоғамдық жерлер және салынып бітпеген аумақтар ауыл округтері және поселке әкімдерінің шешіміне сәйкес тазартылады.

17. Автокөліктер тұрақтарының орындары әкімшілік және өндірістік № ғимараттар, сауда кәсіпорындары мен қоғамдық тамақтану жерлерінде орналасуы көрек.

18. Шаруашылықтар және басқа объектілер басшылары кірме жолдардың ақаусызы жағдайын қамтамасызы етеді.

19. Өттетін жолдарды жауып, көшеттер отыр №ызылған гүлзарларда мұз бен қар жинауға тиым салынады.

20. Адамдардың жаппай демалатын жерлерінде автокөліктерді және басқа көлік құралдарын жууға, малдар мен құстарды су құбырлары тартқыштарында, жағажайлар мен тоғандарда суаруға тиым салынады.

21. Елді мекендердің бөлінбекен жерлеріне малдарды жаюға тиым салынады.

22. Шаруашылық басшылары міндettі:

1) Елді мекендерде малдар жерленетін жерлерді жинауды, ұдайы тазартуды, төгүді ұйымдастыруға;

2) Елді мекендерде мал қызы жиналған қойманы механикалық тазартуды, төгүді жүргізуғе;

23. Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес су шаруашылығы және мәдени-тұрмыстық жерлерді жасанды су тоғандарын ластанудан қорғауға.

**3. ТАРАУ. Елді мекендер аумағында шағын сәулеттік нысандарды белгілеу және күту тәртібі**

24. Сыртқы көркейтудің, барлық элементтері, соның ішінде ғимараттардың алдыңғы жағы эстетикалық ресімделуі керек. Сауда және қызмет көрсету салалары кәсіпорындарының алдыңғы жағы жарықтандырылу керек.

25. Елді мекендер аумағында шағын сәулеттік нысандардың құрылышына және орнатылуына аудан әкімінің тиісті қызметтерімен келісілгеннен соң жол беріледі.

26. Шағын сәулеттік нысандардың барлық белгілері ақаусыз жағдайда болуы көрек.

27. Тұрғын, қызметтік және басқа ғимараттар және құрылыштар тұрғындары көшениң көрсеткіштері мен сандық белгілерін дұрыс жағдайда ұстауы керек.

28. Барлық меншік түрінің кәсіпорындары мен ұйымдары кіре берісте заңды тұлғаның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауын іліп қоюға міндettі және оның тиісті жағдайда болуын қамтамасыз етеді.

**4. ТАРАУ. Жасыл көшеттердің күту тәртібі**

29. Гүлзарлар, парктер, көгалдар және басқа да өсімдік шаруашылығының объектілерін жыл сайын күту заңды және жеке тұлғаларға бекітіліп берілген аумақтарға жүктеледі.

30. Құрылыш жеріндегі, жерасты коммуникация және инженерлік желілер жолдарындағы жасыл желектерді бұзы және көшіруге аудан әкімі аппаратында бекітілген жасыл желектерді бұзы актісіне сәйкес жол беріледі.

31. Жасыл желектерді бұзы және көшіру құрылыш салушылар күшімен жүргізіледі. Жасыл желектерді қалпына келтіру құрылыш немесе ғимаратты жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатқан ұйымға жүктеледі.

32. Жұмыстар жүргізуде заңды және жеке тұлғалар міндettі;

1) Жасыл көшеттерді бұзылудан қоршауға;

2) Жолдар, тротуарлар, кірме жолдарға асфальт төсегенде диаметрі 1 метрден кем емес ойық қалдыруға;

3) Жасыл көшеттер орналасқан жерлерде жолдарды қайта жөндегенде 5 см. артық көлденең белгілердің өзгеруіне жол бермеу керек. Өсімдіктің тамырының

ашылуы жағдайында жобада жасыл желектердің қалыпты өсуіне жағдайлардың сақталуы үшін құрылғы қажет.

33. Жасыл көшеттер орналасқан аумақтарда тиым салынады:

1). Құрылыш материалдарын құмдарды, ағаш және басқа заттардың жинауға гүлзарлар, көгалдар, гүлдерді, ойықтарды бітеуге;

2). Гүлзарлардың үстімен жүргүге, ағаштарды, көшеттерді кесіп, сындыруға, басқа да зияндар келтіруге;

3). Ағаштарды, көшеттердің, жемістердің өз бетімен кесуге;

4). Ауыл округтерінің және поселке әкімдерінің келісімінсіз қоршаулар орнатуға.

## 5. ТАРАУ. Жер пайдалануышының міндеттері

34. Жер пайдалануши міндетті:

1). Бөлінген және бекітілген жерлерді, инженерлік желілер және олардың элементтерін санитарлық нормалар белгілеген санитарлық жағдайға ұстауға;

2). Өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жинау, қайта өндеу, залалсыздандыру және көмуді қамтамасыз етіп, нормативтер белгілеген санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес аумақты ұстау;

3). Сұйық қалдықтарды жинауға санитарлық нормаларға сай қазылған шұңқыр болу керек;

4). Қажеттігіне қарай өз аумағын (көртышқан, егеуқүйрық, тышқан, шыбындар мен тарақанды жоюға) залалсыздандыруға және дератизациялауды жүргізу.

35. Жер пайдалануышыға тиым салынады:

1). Бөлінбegen аумақта жабдықтар, шикізат, ыдыстар және т.б. жинауға;

2). Қоршаған ортаға зиян келтіретін тазарту әдістерін пайдалануға;

36. Шаруашылықтар, кәсіпорындар, ұйымдар басшылары өз қызметін жүзеге асыруды міндетті:

1). Қолданылып жүрген санитарлық зандарды, санитарлық нормалар мен ережелерді, гигиеналық нормативтерді сақтауды қамтуға;

2). Қоршаған ортаның ластануын жоюға және алдын алуға бағытталған санитарлық-эпидемияға қарсы шараларды әзірлеуге мен жүзеге асыруға.

## 6. ТАРАУ. Осы Ережелердің бұзылуына жауапкершілік

37. Осы Ережелердің бұзылуы Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 300, 387 баптарында көрсетілгендей әкімшілік жауапкершілік артады.